

Қазіргі мектептегі тәрбиенің мазмұны

■ Жоспар:

- Мазмұны


- Дүниетаным көзқарасы жеке тұлғаны қалыптастыру тірегі

- Қорытынды

Тәрбие - мақсатты, арнайы ұйымдастырылған жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру процесі.

Тәрбие - мақсатты түрде, адамзаттың өмір сүру барысында жинақтаған әлеуметтік тәжірибесін, ұрпақтан ұрпаққа алмастыру процесі.

Тәрбие принциптері



Тәрбие түрлері

- Ақыл-ой мәдениеті
- Адамшершілік тәрбиесінің негіздері
- Еңбек тәрбиесінің негізі
- Экономикалық тәрбие
- Құқық және саяси тәрбие
- Экологиялық тәрбие негіздері
- Эстетикалық тәрбие
- Дене тәрбиесі

Тәрбие процесінің үздіксіздігі бұл тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің өзара іс-әрекетінің жүйесі.

Тәрбие процесінің кешенділігі - мазмұны, міндеттері, мақсаты, түрі, әдіс-тәсілдерінің бірлікте болуы.

Тәрбие процесі екі жақтылық сипатта болады: тәрбиешіден тәрбиеленушіге қарай (тікелей байланыс) және тәрбиеленушіден тәрбиеленушіге қарай.

Тәрбие жұмысын жоспарлау

Жоспарлау –тәрбие жұмысы жүйесінің тиімділігі мен нәтижелігін анықтайды. Мақсатты және анық жоспар педагогтың көптеген қателер мен жағымсыз құбылыстардан шығуға көмектеседі. Негізделген жоспар қойылған тәрбиелік міндеттерді шешудің жалпы болашағы мен нақты жолдарын қарастырады.

Сынып жетекшісінің негізгі қызметі

- Сынып жетекшісі қызметінің мазмұны оқушылардың белгілі топтарында педагогикалық үрдіске жетекшілік ету функциясымен анықталады.
- Сынып жетекшісі оқушылардың әртүрлі іс-әрекетін ұйымдастырады: танымдық, еңбек, эстетикалық, сонымен бірге оқушылардың еркін қарым-қатынасы оқушылардың дем алу бөлігі болып табылады.
- Сынып жетекшісінің қызметінде бақылау және түзету қызметін жүйелі және сауатты жүзеге асыру тәрбиелік, ұйымдастырушылық және дамытушылық мәні зор, тәрбиелік үрдістің тиімділігін арттырады.

Сынып жетекшісінің ата-аналармен өзара іс-әрекетінің ерекшеліктері

Тәрбиелік процестің тиімділігі педагогтың, оқушылардың және ата-аналардың арасындағы қарым-қатынасына байланысты. Үлкендермен балалардың арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыру үшін педагог, ата-аналар, балалардың бірлескен қызметі ұйымдасқан болса, онда ұжым біртұтас үлкен отбасы ретінде қызықты өмір сүруі өте маңызды. Бұл отбасының ынтымақтастығының қалыптасуына ата-аналар мен балалардың арасындағы өзара түсінушіліктерін белгілейді, отбасында жағымды жағдайларды құрайды.

Оқушылармен, ата-аналармен және педагогтадың арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыру ең алдымен, осы үрдісте үлкендермен өзара іс-әрекет қалай құралатына байланысты болады. Ата-аналар, сынып жетекшілері, балалардың педагог-тәрбиешілері және олардың тәрбиелік нәтижелері тиімді болады егер, мұғалімдер мен ата-аналардың бірлесуі болуы мүмкін. Осы бірлестік негізінде – берілген нәтижеге жету жолдары мен жалпы мақсатына деген ұмтылыс бірлігі, тәрбиелік үрдіске деген көзқарас.

ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНІҢ

ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ҮЛГІСІ.

- ▣ **Сынып туралы қысқаша педагогикалық-психологиялық мінездеме;**
- ▣ **Сыныптың тәрбие жүйесінің мақсат, міндеттері ;**
- ▣ **Сынып ұжымының алға дамуына бағытталған әрекеттердің қағидалары;**
- ▣ **Сыныптың тәрбие жүйесін құру және іске асырудың механизмі (Бұл жерде бастысы жүйені құрайтын әрекет түрлері, сыныптағы дәстүрлі шаралар мен мерекелердің, сыныптағы өзін-өзі басқарудың қалыптасуы, сыныптың ішкі, сыртқы байланысы мен бір-бірімен қарым-қатынасы);**
- ▣ **Тәрбие жүйесінің нәтижелі болуын зерттеу тәсілдері мен көрсеткіштері.**

Қазіргі таңда мектептегі тәрбие жүйесінің негізгі құрылымы - сабақ үстіндегі, сабақтан тыс уақыттағы, мектептен тыс уақыттағы, қоғамдық ұйымдардағы және қоғам, мектеп, ата-аналар бірлестігінде іске асырылады, бір-бірімен сабақтастықта және жүйелі түрде байланысады.

Мектептегі тәрбие жүйесі, біріншіден жүйенің қалыптасуынан, екіншіден әр ұжымның іс-әрекетінің мазмұнын нақтылаудан, үшіншіден, жаңашыл үрдістерді пайдалану барысында жүйені қалыптастырудан тұрады.

Жалпы мектептегі тәрбиелеу жүйесі, сыныптағы тәрбие жүйесі бір-бірімен кіріктіріле отырып, сабақтастырыла жүргізіледі. Тұтас педагогикалық жүйе секілді тәрбие жүйесінің негізіне оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру жатады. Қазіргі таңда тәрбиелік жүйені педагогиканың негізгі категорияларының бірі болып табылатын тұлғаны әлеуметтендіру тұрғысынан қарастырады.

В.С.Кукушкин өзінің “Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориясы мен әдістемесі” атты еңбегінде тәрбиелеу жүйесінің негізгі бағыттарын нақтылайды:

- әр мектептің өзіндік тәрбие жүйесінің тұжырымдамасының болуы;
- тәрбиелеу жүйесінің жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделуі;
- тәрбие жүйесінің тұлғаға бағытталған еркіндік кеңістігінің қалыптасуы;
- мектеп пен қоғамның өзара байланысына негізделуі;
- жүйелі түрде салауатты өмір салтының қалыптасуы;
- әр мәселенің жариялылық тұрғыда әділ шешілуі;
- мектептегі қарым-қатынастың ізгілікке бағытталуы;

V—VI сыныптардағы тәрбиенің міндеттері мен мазмұны.

Бесінші сыныпта оқушылар бұқаралық ақпарат құралдарынан Қазақстанда, ТМД елдерінде және шетелдерде болып жатқан маңызды оқиғалармен таныс болады. Олар оқушылардың өмірі мен қоғамдық жұмысына арналған жиналыстарға қатысады, сыныптың қабырға газеттерін шығарады.

Оқушылар табиғат құбылыстарымен танысады, альбомға мақалдар, мәтелдер, суреттер мен өлеңдер жинайды; табиғат сұлулығын жырлайтын тақпақтар мен өлеңдерді жаттап үйренеді; өз үйлерінің жанына, мектеп және шағын ауданының көшелеріне ағаштар отырғызады, оларды суарады, құстарға ұя жасайды; аулада мұз айдынын жасауға және жазғы спорттық алаңдар ұйымдастыруға қатысады; еңбек ардагерлерімен кездесулер өткізеді; Наурыз, Жеңіс күні, халықаралық әйелдер күндерін мерекелеуде белсене қатысады; техникалық үйірмелерге қатысады; оқушылар мектеп намысын қорғаумен спорттық шараларға белсене қатысады.

***VII—VIII* сынып оқушылары тәрбиесінің міндеттері мен мазмұны**

Оқушылардың гуманитарлық және жаратылыстану, математика пәндері бойынша алған білімдерін олардың табиғатқа және қоғамға деген материалистік көзқарасын тереңдетуге және диалектикалық ой-өрісті қалыптастыруға пайдалануы қажет; түсінікті фактілерді пайдаланумен оқушылардың санасына таным теориясының, материяның өмір сүру заңдылықтары мен түрлерінің кейбір қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі, қуаттың пайда болуы, сандық өзгерістердің сапаға ауысуы; ғылым мен техниканың байланысын, табиғаттағы тепе-теңдікті сақтау заңын; ғылыми зерттеу әдістерін игеру мақсатымен денелік, химиялық міндеттерді өздігінен шешу, өндірісті дамытуда қоғамда тұлғаның және қоғамдық қатынастардың рөлін түсіндіру. Сондай-ақ қоғамды дамытуда қоғамның материалдық және рухани игілігіндегі еңбектің мәнін, нарықтық экономикаға өту, өндіріске жаңа техника мен тәсілдерді өндіру жағдайларында еңбекті дұрыс ұйымдастырудың мәнін түсіндіру. Жаратылыстану ғылыми білімдер негізінде ғылым мен дін арасындағы айырмашылықты білуге, сондай-ақ дін қағидаларының имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеу құралы екенін бірдіруге көңіл бөлу,

Мектепке дейінгі тәрбие процессінің жүзеге асырудың негізгі тәсілдері:

Жеке - іс-әрекеттік тәсіл

баланы алуан түрлі іс-әрекеттер түріне кірістіру үдерісінде өзін жеке тұлға ретінде сезінуге көмектесуді және өзін танытуға мүмкіндік туғызуды білдіреді.

Жеке - бағдарлық тәсіл

баланың тұлғалық қасиеттерін дамытуға және өздік дамытуға бағытталған ерекше түрдегі білім бері үдерісін (ерекше мақсатпен, мазмұнмен, түрлермен, әдістер және технологиялармен) құруға негізделген.

Құзыреттілік тәсіл

мәселені анықтауға, жауапкершілікпен шешім қабылдауға, оларды жүзеге асырудың жолдарын анықтауға, жетістікке жетуді жоспарлау мен ұйымдастыру үдерісіне, өзінің іс-әрекетіне және нәтижесіне баға беруге және өздік бағалауды іске асыруға мүмкіндік береді

*Дүниетаным көзқарасы жеке
тұлғаны қалыптастыру тірегі*

Индивид - биологиялық тіршілік иесі, барлық адамдар тұмысынан индивид болып табылады.

Тұлға - өзіне биологиялық және әлеуметтік қасиеттер мен сапаларды меңгерген адам.

Даралық - бір адамды басқа адамнан ерекше көрсетіп тұратын интеллектуалдық, еріктік, моральдық, әлеуметтік және тағы басқа қасиеттерінің жиынтығы.

Ынталандыру әдістері

```
graph TD; A[Ынталандыру әдістері] --- B[Мақтау]; A --- C[Жазалау]; A --- D[Жарыс];
```

Мақтау

Жазалау

Жарыс

Мақтау – тәрбиеленушінің іс-әрекетіне қойылған жақсы баға.

Жазалау – қате қылықты ескертіп тежеу, өз ар-ұяты алдында, басқа адамдар алдында кінәсін түсінуге әсерін тигізетін педагогикалық әдіс.

Жарыс – қажетті сапаларды тәрбиелеуде оқушылардың табиғи бәсекелестік қасиеттерін бағыттайтын балалардың ұжымдағы іс-әрекетін ұйымдастыру және ынталандыру әдісі.

Мағжан атамыздың мына сөзіне назар салсақ, «Баланы тәрбиешісінің дәл өзіндей қылып шығармай келешек заманына лайық қылып шығару керек» дейді.

Қазір ХХІ ғасыр білім мен ғылым заманы екенін жұртшылық жақсы біледі. Бірақ бар күшімізді білім мен ғылымға салып тәрбиені елеусіз қалдырсақ ұтарымыздан ұтыларымыз көп болатындығын орта ғасырлық бабамыз ғұлама Әл-Фараби нықтап айтып кеткен ғой. Ендеше әуелі тәрбие, сосын барып басқа қажеттіліктер білім, ғылым, әдебиет, мәдениет. Мәдениет демекші тәрбиелі қауым мәдениетсіз болуы мүмкін емес. Ал білім, ғылым, мәдениет нағыз қазақы тәрбиемен арқауланса өркениеттің шыңына даңғыл жол салынбақ.

Қазақы тәрбиенің басты тармақтарының бірі қазақы қанның немесе қара шаңырақтың ұл балалар арқылы жалғастығы және әрі қарай өніп-өскен сабақтастығы. «Қызға қырық үйден тыйым», «Қыздың жолы жіңішке» деген қисынды қағидасы. Өйткені ұл бала қазақ халқының намысы болса қыз бала ар-ожданы, ұяты. Ұят демекші бабаларымыз ұятты өлімнен күшті санаған

Үндатандарыңызга рахмет!